

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы
6D010000 – Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) мамандығы бойынша
диссертациялық кеңесінің 2018 жылғы
ЕСЕБІ**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 6D010000 – Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) диссертациялық кеңесі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Ғылыми кеңесінің 31 қазан 2017 жылғы №2 хаттамасымен бекітілген. Диссертациялық кеңес төрағасы – филология ғылымдарының докторы, профессор Балтабай Әбдіғазиұлы.

Диссертациялық кеңеске
6D020500 – Филология;
6D021300 – Лингвистика;
6D021400 – Әдебиеттану

мамандықтары бойынша қорғау үшін диссертацияларды қабылдауға рұқсат берілді.

Диссертациялық кеңес құрамы 12 адамнан тұрады. Кеңес мәжілісінен себепсіз қалған кеңес мүшелері болған жоқ.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 6D010000 – Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) диссертациялық кеңесінде 2018 жылдың 3 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында 2 мәжіліс өткізілді.

Қорғау диссертациялық кеңестің Ережелеріне сай анықталып, өткізілді:

1. Аймагамбетова Малика Муратовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.
2. Жанысбекова Эльмира Тулегеновна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Диссертациялық жұмыстардың тақырыптары көрсетілген мамандықтардың даму бағыттарымен, республикадағы білім беру жүйесінің ұлттық мемлекеттік бағдарламасының дамуымен сәйкес келеді.

1. Аймагамбетова Малика Муратовна

Диссертация тақырыбы – «Қазақстанның жаналық газеттері мен сайттарының тақырыптарында тасымалданған тұрақты тіркестер қолдану», .

Мамандығы: 6D020500 – Филология.

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі – орысша.

Ғылыми кеңесшілер:

Сүлейменова Элеонора Дюсеновна – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры.

Мокиенко Валерий Михайлович – филология ғылымдарының докторы, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің профессоры (Ресей).

Қорғау 14 мамыр 2018 жылы болды.

Диссертациялық зерттеудің **өзектілігі** қоғам өміріндегі БАҚ рөлінің артуымен, сапалы баспасөздің айқын үлгісі ретінде жаңалық мәтіндерінің маңызының еселенуімен, сондай-ақ қазіргі ақпараттық кеңістік тіліндегі айтарлықтай өзгерістермен, оны форматтау тәсілімен байланысты. Осы жағдай жаңалық ақпаратының маңызды бөлшегі болып табылатын тақырыпаттардың рөліндегі тасымалданған фразеологизмдерді кешенді талдауды қажет етеді.

Газеттер мен сайттардағы жаңалық тарату мәтіндеріндегі фразеологизм-тақырыпаттарды құрудың, ой елегінен өткізудің, қолданудың белсенді үдерістерін зерттеу, қазіргі орыс тіліндегі үдерістерді анықтау және сипаттау, соның ішінде оқырмандардың назарын аударудың және сақтап қалудың арнайы әрі ерекше риторикалық тәсілдерін зерттеу.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: қазақстандық газеттер мен жаңалық сайттарының тасымалданған фразеологизм-тақырыпаттарды талдаудың интеграциялық ыңғайы негізінде, алғашқы рет:

– тақырыпаттың өз бетімен қалыптасқан анықтамасын пайдалана отырып жаңалық жеткізу мәтіндеріндегі фразеологизм-тақырыпаттардың тасымалдануына кешенді баға берілді;

– тасымалданған фразеологизм-тақырыпаттар мен жаңалық мәтінінің мазмұны арасындағы мағыналық қатынастың көп түрі анықталды. Тасымалданған фразеологизм-тақырыпаттардың екіншілік номинация үдерістеріне қатысуы жаңартылған мағынамен қатар, фразеологизмнің жалпы семиотикалық табиғатын көрсете отырып, жаңа таңбалық қызмет атқарады.

– фразеологизм-тақырыпаттардың тасымалдану жолдары мен негіздері анықталды және сипатталды, қазақстандық газеттер мен сайттарда жиі кездесетін түрлері жүйеленді;

– Қазақстан БАҚ тақырыптарындағы фразеологиялық бірліктердің тасымалданған түрлері қарастырылған: айырбастау, мағына ауыстыру, қосу, компоненттерін ауыстыру, қысқарту, құрамын кеңейту және т.б.;

– тасымалданған тақырып-фразеологизмдердің коммуникативтік-прагматикалық қызметі сипатталған (номинативтік, эмоционалды-бағалауыштық, бейнелі-ирониялық және т.б.).

– **Зерттеудің практикалық маңызы** диссертацияның теориялық тұжырымдары мен нәтижелерін фразеология, номинация теориясы, қазіргі баспасөздің тілін талдау, сөйлеу мәдениеті курстарын жоғары оқу орындарында оқыту барысында қолдану, сондай-ақ практикалық құралдарды және журналистиканың теориясы мен практикасы бойынша ұсыныстар жазу барысында пайдалану мүмкіндігі арқылы анықталады. Фразеологиялық бірліктерді тасымалдау мен вариациялаудың табиғаты, мүмкіндіктері және шекарасы туралы алынған нәтижелер олардың семиотикалық және функционалды ұйымдасуы мен қызмет етуінің ерекшеліктерін терең ұғынуға мүмкіндік береді.

2. Жанысбекова Эльмира Тулегеновна

Диссертация тақырыбы – «Қазіргі қазақ прозасындағы мифологиялық образдар мен сарындар».

Мамандығы: 6D020500 – Филология.

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі – орысша.

Ғылыми кеңесшілер:

Сафронова Людмила Васильевна – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры.

Михайлова Галина Павловна – филология ғылымдарының докторы, Вильнюс университетінің профессоры (Литва).

Қорғау 14 мамыр 2018 жылы болды.

Зерттеудің өзектілігі. Мифологтардың шығысты және мифологиялық ойлау жүйесін өзектестіре қарастыру жайлы концепциясы ғылыми ортаға белгілі, сондықтан да бүгінгі таңдағы әлемдік мәдениеттің жаңаруы мен жаһандануы көбінесе, номадизм – көшпелілер төңірегіндегі мәселе, буддизм (постмодернизмде), конфуциандық және басқа да шығыстық «экологиялық» дискурстарға негізделетіні кездейсоқтық емес.

Шығыс мифологиясын көркем шығармалар негізінде тың таным-көзқарасқа сай қазіргі көркем шығарманың инновациялық әдіспен талдау бүгінде өте өзекті, өйткені, бұл қазіргі әлеуметтік орта, табиғатпен үйлесімді түрлі әлеуметтік қарама-қайшылықты еңсерудің моделі болып саналатын паритетті идеологияның генезисін яғни, түп-тамыры мен құрылымын тереңдете ашып зерделеуге мүмкіндік береді.

Бүгінде классикалық миф «үзінді» (образ және сарын) түрінде баяндалғанымен де қазіргі кезең әдебиетіндегі мифологияның эволюциясы-дамуы мен трансформациялану үдерісін пайымдауда поэтиканың осы элементтерін талдау барынша ұтымды деуге болады. Тарихи өзіндік еуразиялық ортада қалыптасқан, қашанда Батыс пен Шығыстың ұтымды дәнекері болған қазақ әдебиеті бүгінде әлем әдебиетіндегі жаһандық үдерістің басты мәдени көзі болса, біздің зерттеуімізде талданып отырған неомифологияның, яғни ұлттық жаңа мифологиялық материалдың мән-маңызы да зор болмақ.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы

- бұл зерттеуде қазақстандық прозаға тән, әрі оның қазіргі кезеңдегі дамуында басымдық алып отырған мифологиялық образдар мен сарындарды анықтау, яғни

- қазіргі Қазақстан прозасындағы мифологиялық образдар мен сарындардың формасы және оны жаңғыртудың себеп-салдары, мифопоэтикалық ойдың бүгінгі таңдағы көркем прозаикалық мәтіндерге ықпалы мен функционалдық ерекшеліктері жайлы түсінікті кеңейтуі;

- талдау әдістерінің инновациялық (әдебиеттанудың психоаналитикалық әдісі және т.б.) қолданылуы;

- осыған дейін мардымсыз зерделенген, әлі де болса іргелі теориялық рефлексияға ілікпеген, әдебиеттануда жеткілікті талдана қоймаған жекелеген көркем шығармалардың ғылыми айналымға енгізілуі.

Зерттеудің практикалық мәні. Диссертация материалдары университеттер мен педагогикалық институттардағы «Қазіргі кезеңдегі отандық әдебиет үдерісі», «Мифопоэтика мәселелері» «Әдебиет теориясы», т.б. тақырыптар бойынша өткізілетін арнайы курс, семинарларда, жалпы білім беретін орта мектептерде әдебиет пәнін оқыту барысында сондай-ақ, анықтамалар, сөздіктер, энциклопедиялар дайындауда қолданысқа алынады.

Диссертация рецензенттері туралы мәлімет:

Аймагамбетова М.М. диссертациясы бойынша:

- Хасанов Бақытжан Хасанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор

- Ихсанғалиева Гульнара Қуанышқызы – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры.

Жанысбекова Э.Т. диссертациясы бойынша:

- Жаксылыков Аслан Жамелевич – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры;

- Шаинова Гульнара Буркатовна - филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ректорының бұйрығына сәйкес диссертациялық кеңес жанында ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастырылды, онда докторанттар құжаттары қорғауға қабылданғанға дейін диссертацияларын талқылаудан өткізіп, алдын-ала сараптамадан өтуі керек болатын.

Есеп беру кезеңінде ғылыми-әдістемелік семинарда 3 диссертациялық жұмыс талқылаудан өтті. Оның 2-уі – 6D020500 – Филология, 1-уі - 6D021400 – Әдебиеттану мамандығынан болды.

Ғылыми-әдістемелік семинар нәтижесі бойынша 2 жұмыс диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынылды, 1 жұмыс қайта қарауға жіберілді.

Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ұсыныстар:

- Диссертациялық кеңес құрамының 1/3 шетелдік мамандар (әр мамандықтан біреу) болуын қарастыру.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялар туралы мәліметтер:

	6D020500 - Филология
Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-
Соның ішінде диссертациялық кеңеспен алынғандар	-
Рецензенттердің теріс пікірлерін алған диссертациялар	-
Қорғаудың нәтижесі бойынша оң шешім қабылдаған	2
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	-
Қорғаудың нәтижесі бойынша теріс шешім қабылдаған	-
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	2
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	-

Аймағамбетова М. мен Жанысбекова Э. «Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы» 2018 жылғы 11 шілдедегі № 1114 Комитет төрағасының бұйрығымен Философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

Диссертациялық кеңес төрағасы

Abdigaizuly B.

РАСТАЙМЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ: **Әбдіғазилұлы Б.**
НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КазНПУ имени Абай
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ _____

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



Серикова С.К.

РАСТАЙМЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ: **Серикова С.К.**
НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КазНПУ имени Абай
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ _____